

**Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының
академиктерін сайлау жөніндегі конкурстық құжаттаманың жекелеген
ережелерін түсіндіру**

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы (бұдан әрі – Конкурстық құжаттама) Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академияларының академиктерін сайлау жөніндегі конкурстық құжаттаманың 22, 23-тармақтарына сәйкес конкурстық құжаттаманың жекелеген ережелерін түсіндіру туралы сұрау салуға жауап орналастырады.

Сұрақ:

Ұйымнан қанша үміткер өтініш бере алады?

Жауап:

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №223 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академиктерін сайлау қағидаларының 6- сәйкес **үміткерді ұсыну құқығын** үміткер штаттық қызметкер болып табылатын ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектісі аккредиттелген ғылыми ұйым немесе жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы (бұдан әрі – ұйым) ғана береді.

Бұл ретте, жоғарыда көрсетілген Қағидалардың 6-тармағына сәйкес **үміткерді ұсыну** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №386 бұйрығымен бекітілген ғылыми бағыттар жіктеуішіне сәйкес **бір ғана мамандық (бағыт) бойынша жүзеге асырылады.**